



Мердің
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)

Бағыты: жаңартылған білім мазмұны бойынша қоғамдық-гуманитарлық

Білім беру ұйымының атауы: _____

Сынып: 11 **Литер:** ____

Білім алушылардың аты-жөні _____

1-бөлім

Экологиялық мәдениет туралы мамандардың пікірлерін оқып шығыңыз.

1-10-сұрақтар бойынша сәйкес пікірлерді таңдаңыз (А, Ә, Б немесе В). Бір әріпті бірнеше рет қолдануға болады.

- | | |
|--|-----------|
| 1 Экологтердің кәсіби шеберлігі ойландырады. | _____ [1] |
| 2 Экологиялық мәдениет ұлттық тәрбиеден бастау алады. | _____ [1] |
| 3 Тұрғындар қоқысты түрлеріне қарай бөлуге мән бермейді. | _____ [1] |
| 4 Ересектерге қарағанда балаларға тазалықты үйрету оңайлау. | _____ [1] |
| 5 Қоршаған ортаға бөлінетін қаржының аз ғана бөлігі игеріледі. | _____ [1] |
| 6 Елімізде өнеркәсіп құрылысынан гөрі ақшалай өтем жасау оңай. | _____ [1] |
| 7 Ерікті әрекет – экологиялық мәдениетті қалыптастырудың кепілі. | _____ [1] |
| 8 Тұрғындар жауапкершілігінің төмендігінен табиғат зардап шегеді. | _____ [1] |
| 9 Кәсіпорындар қоршаған ортаға тигізетін зиян туралы ойлана бермейді. | _____ [1] |
| 10 Табиғатқа жанашырлық түйсігінде болмаса, басқа шаралардан нәтиже шығару қиын. | _____ [1] |

А. Мұсағали

Кәсіпорындардан шыққан қалдықтарды өңдеу дамыған мемлекеттерде жолға қойылған. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, кез келген кәсіпорын өз қалдығын өңдейтін зауыт салуы тиіс. Ал біздің елімізде өндіріс орындары табиғатқа келетін залалды ескермейді. Оларға зауыт салуға көп қаржы жұмсағанша, табиғатқа келтірген зиян үшін айыппұл төлеген арзан. Оның үстіне, жергілікті атқарушы органдар осы өндірілген қаржыны экологиялық жағдайды түзетуге емес, басқа мақсаттарға жұмсап жатады. Статистикалық мәліметтер бойынша, елімізде қоршаған орта эмиссиясы үшін бюджетке түскен жылдық төлемақының тек 30 %-ы табиғатты қорғау шараларына жұмсалған. Осы қаржының барлығын экологиялық қауіптің алдын алуға неге жұмсамаймыз? Мәселе халықтың денсаулығына қатысты болып отырғандықтан, мемлекет осы салада қаражатын үнемдемегені жөн.

Ә. Бағлан

Қазіргі таңда экологиялық мәселе күннен күнге өзекті болып отыр. Халықтың экологиялық мәдениетінің қалыптаспауы да мәселені қиындата түсуде. Айталық, қоқысты сұрыптау – біздің қоғам үшін әлі де жат мәдениет. Менің ойымша, тәрбиенің негізі мектеп қабырғасынан басталады. Мысалы, Оңтүстік Кореяда мектеп оқушыларының арқасына сыпырғыш пен қалақ байлап қояды екен. Жол бойынан қоқыс көрсе, тазалауға міндетті. Ал Германия ересектерге қоқыс сұрыптауды үйрету үшін мынадай амал қолданған. Сұрыпталмаған қоқысты коммуналдық қызмет өкілдері алып кетуден бас тартқан екен. Ақыры тұрғындар 2-3 есе көп қаржы жұмсап, қоқысты арнайы өңдеу кәсіпорнына жіберуге мәжбүр болады. Сондай-ақ сұрыптау ережесін бұзғандарға айыппұл салынады. Ол үшін қоқыс жәшіктерінің жанына бейнекамералар орнатылған.

Б. Аманбек

Қазақтың таным-түсінігіндегі табиғатты қорғауға бағытталған ырымдар, салт-жоралар бүгінде өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Мәселен, «Бір тал кессең, он тал ек», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Көкті жұлма», «Судың да сұрауы бар» деген аталы сөздердің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Осы наным-сенімдерді жас ұрпақтың санасына сіңіру арқылы қоғамның экологиялық мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге болады. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, ең алдымен, санада болмаса, қатал заңмен, мол қаражатпен, озық технологиямен табиғатты қорғаймын деу – бос әурешілік. Осы орайда өз қалауымен табиғатты қорғауға қатысатын адамдардың еңбегін айтпай кетуге болмас. Эковолонтерлердің жұмысы тек сенбілік өткізіп, ағаш егумен ғана шектелмейді. Олардың әлеуметтік желілердегі экомәдениет туралы жазбаларының өзі басқаларға ақпараттық қолдау болып табылады.

В. Аида

Табиғат ресурстарын қорғау қоғамда кешенді сипат алуы керек. Ол үшін әрбір азамат қоршаған орта экологиясына жауапты екендігін сезінуі тиіс. Адамдардың немқұрайлығы мен салақтығы табиғатқа қанша зиян келтіріп жатқандығын күнде көріп жүрміз. «ЕcoJas» жобасының пайда болуына да осы себепші болды. Бүгінгі таңда біз жобаны эколог мамандардың кәсіби біліктілігін арттырудан бастап кеттік. Себебі табиғат туралы сөз қозғағанда, мені «еліміздегі экологтердің біліктілігі қандай деңгейде?» дейтін сұрақ мазалайтын. Сонымен қатар экологиялық мәселелер көбейген сайын кәсіби мамандарға қойылатын талаптар аясы да кеңеюде. Алдағы жоспарда атқарылатын істер көп. Мақсатымыз – қоғамның экологиялық санасын жаңғырту. Немқұрайлы әрекетіміздің салдарын кемінде бір адам түсінген болса, экологияға қосқан үлесіміз де сол болар еді.

[Барлығы: 10 балл]

2-бөлім

Мәтін үзінділеріндегі ақпаратты қолданып және өз пікіріңізді қосып, төмендегі сұраққа кемінде 150-200 сөзден тұратын ойыңызды жазыңыз.

Жастар бойында экологиялық мәдениетті қалай дамытуға болады деп ойлайсыз?

[Барлығы: мәтіндердегі идеяларды/ақпараттарды/аргументтерді қолдануына 10 + жеке жауабына 10 + сөйлеу тілінің сапасы үшін 10 = 30]

[illegible]

Handwriting practice lines consisting of 24 horizontal dashed lines.

